# ЗАҢ



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ, ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ЮРИДИЧЕСКИЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№5 | 2024

ZANMEDIA.KZ


# ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН САҚТАУ – ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ



# ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№5 | 2024

МЕНШІК ИЕСІ:
«ЗАҢ» Медиа-корпорация»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор
**Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:**

**АХПАНОВ А.,**
д.ю.н., профессор

**АЙТХОЖИН К.К.,**
д.ю.н., профессор

**ӘБДІРАСҰЛОВ Е.,**
з.ғ.д., профессор

**БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.**
профессор (Қырғызстан)

**МАУЛЕНОВ К.,**
д.ю.н., профессор

**СӘБІКЕНОВ С.,**
з.ғ.д., профессор

**ДОСАЛИЕВ Қ.**
з.ғ.д., профессор

**ШУМИЛОВ В.,**
д.ю.н., профессор,
заведующий кафедрой
Всероссийской Академии
внешней торговли

**РЕДАКТОРЫ**
Түймегүл ИБАШЕВА

# МАЗМҰНЫ

*Жол ережесін сақтау – қауіпсіздік кепілі*
**М. ФАЗЫЛОВА** .......... 3

*Биік парасат иесі*
**М. ӘКЕТАЙ** .......... 9

*Принцип состязательности сторон обвинения и защиты*
**А.Н. АХПАНОВ,**
**А.И. ХАМИДУЛЛИНА** .......... 18

*Қылмыс жасағандар жазасыз қалмайды*
**Е. БАЙБОЛОВ** .......... 22

*Мәдениет айналаңды құрметтеуден басталады*
**Г. ОСПАНОВА** .......... 24

*Сот актілері орындалуымен құнды*
**Д. КЕНШИМОВА** .......... 26

*Қылмыстық процесте дәлелдемелерді бағалау*
**Б.УСМАЕВ** .......... 28

*О сокращении количества возвращенных исков*
**Ж. СУЛТАНОВА** .......... 31

*Сенім мен серпін*
**С. ТӨРЕХАНОВ** .......... 33

*Порядок рассмотрения жалоб*
**А. АБДУХАЛЫКОВА** .......... 35

*Транскрибация вербальной информации для протоколов следственных действий при применении аудиовидеофиксации*
**А.К. СУЛЕЙМЕН** .......... 37

*Атқарушылық құжат талаптары орындалуы міндет*
**Ж. ИСАКУЛОВА** .......... 40

# ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН САҚТАУ – ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ



*Қоғам мүшелерінің автокөлікке сұранысы артқан сайын жалпы, біздің елімізде ғана емес, дүниежүзі бойынша жол-көлік оқиғалары көбейіп, салдарынан қаншама адамның тағдыры тас жолда талқандалып, шыбын жаны қиылып немесе түрлі деңгейдегі дене жарақатын алып, ғұмыр бойы мүгедектер арбасына таңылып жатқаны өзекті өртейтін өкінішке, қабырғаны сөгер қайғыға әкелуде. 2024 жылға дейін Жәнібек-Орал тас жолын «Самарқанның сары жолы, Бұлanaйдың тар жолындай» тасөткел көріп, қалаға жеткенше түрлі жол азабын шегіп, жауын-шашынды уақытта жол жүру кезінде гі көрген мехнатымызды түсімізде қайталап көріп, шошып оянған күндеріміздің де келмеске кеткеніне көп бола қоймаса да ендігі жерде тағы бір қауіптің ішімізде қылт етіп бас көтергені де рас. Себебі, тақтайдай тегіс жолда жол қауіпсіздігі ережелерінің негұрлым күшейтілгеніне қарамастан «Жаман шопан қойдан көреді, жаман жүргізуші жолдан көредінің» керін келтірген жүргізушілердің басты кінәсінен болатын жол апаттары ендігі жерде жиілеп кетпес пе екен деген ой маза бермейді. Жұртшылықтың көлік құралына сұранысының артуымен қатар, оны пайдалану барысында қоғам мүшелерінің өміріне қауіп тудыратын жағдайлардың күрт көбейгендігін 2024 жылдың екі айындағы Батыс Қазақстан облысының көрсеткішінен-ақ байқауға болады. Ауданымыздағы осы сала жұмысымен танысу мақсатында Жәнібек аудандық полиция бөлімі әкімшілік полиция бөлімшесінің мемлекеттік аға автоинспекторы, полиция аға лейтенанты Бекболат ЕСІМОВПЕН сұхбаттасқан болатынмын.*



**– «Бір жылын ойлаған адам астық егеді, он жылын ойлаған ағаш өсіреді, келешегін ойлағандар ұрпағын тәрбиелейді» дегендей, өзіңіздің балалық дәуреніңіз, өскен шаңырағыңыз, ата-анаңыз туралы айтсаңыз?**

– 1991 жылы 2 шілдеде Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданының Тау ауылына қарасты Социалистік Еңбек Ері Иманғали Жұмаев атындағы елді мекенде дүниеге келдім. Туған атам Талип Есімов өз уақытында аға шопан болып ерен еңбек етіп, қой шаруашылығын өркендетуде жоғары көрсеткіштерге жеткен, 1957 жылы Мәскеу қаласында оздырылған Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне қатысып, Ленин, «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталған еңбекқор жан болатын. Қақ-соқпен ісі жоқ әкем Назым бүгінде «Талип» шаруа қожалығының жетекшісі ретінде төрт түлік малмен жайлау төсінің көркін келтіріп, жеке шаруасын дөңгелетіп отырса, көпшіл, ақжарқын мінезді анам Ақтоты әкемнің шаруасының шалқуына бар жағдайын жасап отырған мейірімді жан. Отбасында жалғыз бала болсам да ешқашан еңбектен бас тартпай, ауыл өмірінің тірлігіне тастай болып ержеттім, – деп әңгімесін бастағанда Бекболаттың жүзін тәлім алған, ұшқан ұясына деген мақтаныш лебі шырайландырып жіберді.

Жұмаев атындағы бастауыш мектепті аяқтаған Бекболат аудан орталығында Т.Жароков атындағы жалпы білім беретін орта мектепте білімін жалғастырды. Жасынан спортты жанына серік етіп, таэквондоның қыр-сырына үңілдіріп, шыңдаған тәлімгері Мұхит Құрамшин, волейболдан жаттықтырушысы, марқұм Төлеген Кисеков, алғашқы әскери дайындық пәнінен сабақ берген Алмат Молдағалиевтің ер азаматтың бойынан табылар жоғары қасиетінен, өнегелі ісінен үлгі алыпты. Бала кезінен азаматтың сымбатын ашып тұратын полицейдің формасына қатты қызығып, болашақта тәртіп сақшысы болсам деп қиялдап өскен жеткіншек Бекболат 2009–2012 жылдар аралығында Орал мұнай-газ және салалық технологиялар колледжінде «Жол қозғалысын ұйымдастыру» мамандығы бойынша білім алды. 2012–2013 жылдары Алматы қаласындағы №5571 әскери бөлімде қатардағы атқыш ретінде азаматтық борышын атқарып келген соң ата кәсібін жалғап отырған әкесінің шаруа қожалығында еңбекке шыңдалыпты. Мақсатына жетуде табандылық танытқан жас жігіт 2015 жылдың 9 қаңтарынан бастап ҚР Ішкі істер саласында қызмет атқарып келеді. 2015–2021 жылдар аралығында БҚО мамандандырылған күзет қызметі басқармасында еңбек етіп, тәжірибе жинап, 2021–2023 жылдары Жәнібек аудандық полиция бөлімінің әкімшілік полиция бөлімшесінің әкімшілік практика тобының инспекторы болып қызмет атқарды. Өткен жылдың мамырынан бастап Жәнібек аудандық полиция бөлімінің әкімшілік полиция бөлімшесінің мемлекеттік аға автоинспекторы болып тағайындалды.

– Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, қоғамдық орында қылмысқа жол бермеу міндеті жүктелетін ауыр да жауапкершілігі терең жұмысымда кәсіби тұрғыда шыңдалуыма ұзақ жылдар Жәнібек аудандық ішкі істер бөлімі мемлекеттік техникалық инспекция тобының мемлекеттік аға инспекторы болып еңбек еткен полиция подполковнигі Тимур Мамытов, полиция майорлары Мейрамхан Бапахов, Динара Қарашеваның тигізген көмегі мол. Мәселен, Тимур Сейітбайұлынан жол-көлік оқиғасы болған жерді тексеру тәртібін үйренсем, Мейрамхан Темірханұлы жұмыс барысында жүргізушілермен сөйлесу әдебін, мінез-құлқымыз мен эмоциямызды игере білу дағдысына баулыды. Ал, Динара Серікқызынан әкімшілік хаттаманы заң тұрғысынан сауатты толтырудың қыр-сырына қанықтым. Осы ағаларым мен апам өз тәжірибесімен бөлісіп, ақылын үнемі айтып отырады, – деп әңгімесін өрбітті Бекболат Назымұлы.

2019 жылы қазан айында аудандық полиция бөлімінде әкімшілік полиция бөлімшесінің штаты ашылған кезде басшылықтың сенім білдіруімен бөлімше басшысы болып тағайындалып, 2022 жылға дейін осы бөлімде Бекболаттың тікелей басшысы болған полиция майоры Мейрамхан Бапахов әріптесі туралы жылы ілтипатын білдіре келе былай деді.

– Бекболат Назымұлы қызмет атқару кезінде әрқашан өзін сауатты, басшылықтың тарапынан қойылған тапсырманы уақытылы орындауға қабілетті қызметкер ретінде көрсетіп келеді. Қызметтік міндеттерін адал әрі уақытылы орындап, ынталы да бастамашыл қабілетімен ерекшеленіп, кәсіби және зияткерлік білім деңгейін арттырумен ұдайы айналысып, ұжымның қоғамдық өміріне белсене араласады. Мінезі салмақты, адамдармен, әріптестерімен тіл табыса біледі, қарым-қатынас жасауда сыпайы, қайырымды, әріптестері арасында беделді. Ішкі істер органдарының қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерін сауатты қолданады. Басшылық тарапынан жасалған сынды дұрыс қабылдап, кемшіліктерді уақытылы жоя біледі, болашағынан үлкен үміт күтеміз.

Бүгінде автокөлікті ішімдік ішкен күйінде басқару, көлікті тізгіндеп келе жатып ұялы телефонда сағаттап сөйлесу, жылдамдықты шамадан тыс арттыру, қауіпсіздік белдігін жолда полиция қызметкерлері кездесіп қалуы ықтимал деген уақытта ғана тағу, қарсы бағытқа шығып кету, техникалық талапқа сай емес көлікпен жолаушыны лықа толтырып алып алыс жолға шығу секілді қарапайым жолаушыға ғана таныс



факторлардың тасасында кәсіби мамандарға мәлім қаншама фактілер тіркеліп қана қоймай, зардабы сұмдық жол апаттарына әкелуде. Несиеге алған көлігімен жолаушы тасып, нәпақасын айырып жүрген аманатқа адал жүргізушілермен қатар тәжірибесі аз, заң бұзуға бейім, «қанағат қарын тойғызарды» тарс ұмытып, Жәнібектен жолаушысымен 550 шақырым қашықта жатқан Орал қаласына жолға шықпай жатып, «Алла бұйырса, аман-сау осы жолаушыларымды діттеген жеріне жеткізсем» деген ниетінен көрі ашкөзділік, қу құлқынын ақша тескен пайдакүнемдерді көріп не айтарыңды да білмейсің. Жақсы, несиеге алған көлікті ақша табудың құралы десін, алайда, қалаға жетпей жатып, қаладан кері қайтуға жанталасып жолаушы іздеп, хабарландыруын көлікте келе жатып, әлеуметтік желінің әлеуетін пайдаланып, жан-жаққа қарша боратып таратып, телефоннан түспейтін пысықай жүргізушілердің әрекетіне тура сол салонда келе жатып талай куә болғанбыз, өкінішке қарай бола да береміз. Жолымыз асфалтталмаған мезгілдің өзінде «Бір тәулікте қалаға екі мәрте барып келдім, бес сағатта қалаға түстім» дейтін «жүйріктердің» мақтанышпен айдарынан жел есе айтқан әңгімесі де құлақта. Ендігі жерде «Бір тәулікте Жәнібектен Оралға үш рет қатынап, 3,5-4 сағатта жердің апшысын қуырып тастадым, маған бұл не тәйірі?!» деген гөй-гөйін еститінімізге таңғалмайтын да болдық.

ҚР Президенті Қ.Тоқаев мас күйінде автокөлік жүргізгендерді қатаң жазалау керектігін қатерлей отырып, «Елімізде жол-көлік оқиғаларының көп тіркелетіні алаңдатады. Адамдар қаза тауып, жарақаттанып жатыр. Жол апатынан зардап шеккендер саны басқа елдердегі қарулы қақтығыстардан қаза табатындардың санынан кем емес. Жол қозғалысы мәдениеті айтарлықтай төмендеп кетті», – деген болатын.

**– «Елдің өркенін білгің келсе, жолына қара», «Жол қауіпсіздігі – өмір кепілдемесі» дегенге сүйенсек, жүргізушілер мен жолаушылар арасында жол қауіпсіздігі ережелері қаншалықты деңгейде орындалып**

**отыр? Бекболат Назымұлы! Жалпы өз салаңызда атқарылып жатырған жұмыстарға тоқтала кетсеңіз.**

– Жол ережесін сақтау бойынша аудандық полиция бөлімі әкімшілік полиция бөлімшесінің тобы аудандық полиция бөлімінің бастығымен бекітілген жоспарға сәйкес аудан орталығы мен ауылдық округтерде рейдтік іс шараларын тұрақты өткізіп тұрамыз. Көлік жүргізушілерінің арасында жол жүру ережелерін сақтамай, тәртіп бұзғаны үшін, әсіресе, автокөлікті ішімдік ішкен күйде басқару, автокөлік жүргізіп келе жатқанда ұялы телефонды пайдалану, терезені жасанды қараңғылау, қауіпсіздік белдігін тақпау секілді ЖЖЕ бұзушылықты анықтау және жолын кесу бойынша жұмыстарды жандандыру мақсатында 2023 жылдың 12 айы ішінде 220 әкімшілік хаттама, оның ішінде ҚР ӘҚБтК-нің 230-бабымен – 12, 590-бабымен – 30, 591-бабымен – 7, 593-бабымен – 18, 595-бабымен – 15, 600-бабымен – 5, 601- бабымен – 7, 602-бабымен – 12, 606 - бабымен – 3, 607-бабымен – 1, 608-бабымен – 11, 612-бабымен – 44, 615-бабымен – 21, 620-бабымен – 10, 631-бабымен – 6 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. 135 әкімшілік хаттама бойынша 1 497 300 теңгеге әкімшілік айыппұл салынып, ол 100 % көлемінде өндірілді.

**– Жол қауіпсіздігі туралы ережелердің күшейтілгеніне қарамастан, жүргізушілердің кінәсінен болатын жол-көлік оқиғаларының саны еліміз бойынша азаймай тұр. Автокөлік жолдарындағы жол-көлік оқиғаларының негізгі себептері қандай? Бұл тұрғыда ауданымыздағы статистикаға тоқталсаңыз.**

– Қай заманда да қоғамның ең қымбат қазынасы адамның өмірі мен денсаулығы десек, адам өміріне көлік апаттарынан келетін қауіп-қатер басқа қылмыс түрлерінен де кем болмайтынын аңғарамыз. Егер, мемлекетте адамның өмірі мен қоғамның тыныштығына қауіп төндіретін жол-көлік оқиғалары артып, жол апатынан қаза тауып, мүгедек болғандардың саны көбейсе, оның мемлекеттің имиджіне кері әсер ететіні белгілі. Автокөлік жолдарындағы жол-көлік оқиғала-



рының елімізде жиі кездесетін үш себебіне тоқталсам деймін. Біріншіден, жылдамдықты шегінен асыру. Орташа жылдамдықтың асырылуы жол-көлік оқиғаларының болу ықтималдылығы мен оның салдарының ауыртпалығына тікелей әсер етеді. Мәселен, орташа жылдамдықтың шамадан 1 пайызға асуы өлімге апарып соғатын ЖКО ықтималдылығын 4 пайызға, ауыр жол апатының болуын 3 пайызға ұлғайтады. Екіншіден, алкогольдік ішімдіктер мен психоактивті заттар, нашақорлық препараттарының әсерімен көлік жүргізгенде өлім мен ауыр жарақатқа әкелетін көлік оқиғасының ықтималдылығы әлдеқайда артады.

Көлікті жүргізуге кедергі келтіретін, жүргізушінің назарын бұратын факторлар өте көп. Дегенмен, үшінші факторға автокөлік жүргізіп келе жатқанда ұялы телефонды пайдалануды атап өтсем деймін. Смартфон қолданысының кең тарауына байланысты жолдағы қауіпсіздік мәселесі өзекті болып отыр. Көлік жүргізіп келе жатып мобильді телефон пайдаланатындардың апат қаупі оны қолданбайтындардан төрт есе жоғары. Жүргізушілердің телефонға қарауы реакцияның баяулауына, әсіресе жол қозғалысы белгілеріне тоқтау-тоқтамау, жол сызықтарынан шығып кету, көліктер арасындағы қашықтықты сақтау, жаяу жүргіншілерді байқамай қалуға тікелей әсер етеді. Телефонды арнайы құлаққап немесе дыбысын зорайтқыш арқылы пайдалану қауіпсіз болғанымен, мәтіндік хаттар жазу, мультимедиялық материалдар көру көлік апатына апарып соғуы әбден мүмкін.

Жүргізушінің басты кінәсінен болып жататын жол-көлік оқиғасы алдымен отбасы мүшелеріне моральдық соққы болып тиеді. Дүниеге келген жұмыр басты пенденің татар дәмі мен көрер қызығы таусылған күні көз жұматынын біле тұрса да Алла берген жанынан жол апатының салдарынан айырылу орны толмас өкініш, ауыр қайғыға бөлейтіні заңдылық. Құқық бұза отырып жол-көлік оқиғасына жол берудің салдарынан тұтастай отбасының көлікте қаза тауып, шаңырағының ортасына түсуі, мүгедек болуы, ұзақ уақыт аурухана төсегіне таңылып, емделуі, бүлінген көлік құралдарын техникалық жөндеуге қыруар қаржының жұмсалуы бүгінде бойымыз үйренген қалыпты жайтқа айналып барады. «Жолға шыққан жолаушы жол амалын сұрайды, Артта қалған ауылда ел аманын сұрайды» деген, жолға шыққан әр жолаушының Алладан соң жанын, денсаулығын өздеріңізге аманаттайтынын ұмытпаңыздар деп әркезде жүргізушілерге қатаң ескертіп, қатерлеп отырамыз. 2023 жылдың 12 айы ішінде Жәнібек ауданы бойынша екі жол-көлік оқиғасы болып, оның салдарынан 3 адам көз жұмып, 1 адам ауыр дене жарақатын алды.

Иә, сабырлы да ұқыпты мінезімен ортасына жаққан кейіпкеріміздің аз жылдың ішінде жеткен жетістігі алдымен ұжымының алдындағы абыройының биік, беделінің бекемдігі мен жерлестерінің арасында сый құрметке бөленуі дер едім. Қызметтік міндетін адал атқарғаны, жұмыста жоғары нәтижеге жеткені, ауданымызда заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту ісіне қосқан үлесі, қылмысқа қарсы күрестегі табандылығы үшін Бекболат Есімов әр жылдары БҚО Полиция департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры М. Аблазимов, Жәнібек ауданы полиция бөлімі бастығының міндетін атқарушы, полиция майоры М.Бапаховтың атынан Грамотамен марапатталып, Жәнібек ауданының әкімі А.Сафималиевтың қолынан Алғысхатқа ие болды.

Жарасты отбасының қамқор тірегі Бекболат М.Ықсанов атындағы Жәнібек колледжінде психолог болып еңбек ететін зайыбы Алиса Маратқызымен Бекзат, Бекнұр есімді ұлдарын тәрбиелеп отыр.

**Меңдігүл ФАЗЫЛОВА,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,**
**Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің Жәнібек аудандық музей бөлімінің меңгерушісі**
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

# БИІК ПАРАСАТ ИЕСІ

## Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Қайрат Мәми 70 жаста



*«Тау алыстаған сайын биіктей түседі» дейді дана халқымыз. Бұл сөз өзім ұзақ жылдар қарамағында қызмет істеп, басшылықтағы әділ талабын да, ағалық риясыз қамқорлығын да қатар көрген көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, еліміздің заң саласының негізін қалаған заңғар тұлғалы заңгерлердің бірегейі Қайрат Әбдіразақұлы Мәми ағамызға қарап айтылғандай. Өйткені, ол кісі бүгінде зейнет демалысында жүрсе де, қоғамда, халық арасында бұрынғыдан да тұлғасы биіктеп, арта түскендей.*

Сот жүйесіндегі қызметімізді жаңа бастаған кезімізден Қайрат Әбдіразақұлын өзімізге үлгі-өнеге тұтып өстік. Біз үшін ол кісі – өз кәсібінің нағыз майталман маманы, аты мен абыройы ерен тұлғадай әсер беретін. Өмір бойы талмай ізденіп, заң ғылымдарының докторы, профессор атанған ғалымдығы, заңгерлігі біз үшін ұланғайыр ұлағат болып көрінетін.

Ұлы дала демократиясы саналатын билер сотын ерекше ынта-ықыласпен егжей-тегжейлі зерттеген, атақты Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің қара қылды қақ жарған әділдігін санаға сіңдіріп, оны бүгінгі сот жүйесіндегі әділдік жолында бұлжытпай ұстанған ізбасары деп білетінбіз. Даналар салып кеткен дәстүрлі құқықты қазіргі заманға сай жаңаша жалғастырған осындай айтулы тұлғаға біз ұлы Абай айтқандай, «болмасақ та, ұқсап бағуға» тырысып келеміз.

## «Тау алыстаған сайын биіктей түседі»

Адамды танып-білуде бірінші кездесудің маңызы ерекше емес пе?! Алғаш рет Қайрат Әбдіразақұлы ағамызбен кездескен сәтіме тоқтала кетейін. Тоқсаныншы жылдардың соңында Алматы қаласы Әділет басқармасында, қазіргіше департамент бастығының орынбасары болып жұмыс істейтінмін. Сол жылы еліміздегі құқықтық реформаның бірінші кезеңіне байланысты шетел ғалымдарының қатысуымен халықаралық деңгейде конференция өтті. Оған Қайрат Әбдіразақұлы Әділет министрінің міндетін атқарушы ретінде қатысты.

Конференция барысында әділет жүйесінің құқықтық мәртебесі туралы жан-жақты зерделенген ақпарат қажет екені айтылды. Оны дереу дайындап, халықаралық іс-шараға дейін министрдің алдында баяндадым. Ақпаратты асықпай оқып шығып, мазмұнына жақсы баға беріп, сол конференцияға қатысуым керектігін айтып, тапсырма берді. Міне, сол күннен бастап нағыз парасатты басшымен қызметтік жолым, яғни ұстаз бен шәкірт, аға мен інілік қарым-қатынасымыздың әдемі күндері басталды.

Кейіннен Қайрат Әбдіразақұлы Жоғарғы Соттың төрағасы болып тағайындалды. Жасым отыздан асып, заң саласында әжептәуір тәжірибе жинақтаған кезімде Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы сотының төрағасына жұмысқа шақырды. Бұл зор сенім еді. Қызметті ұсына отырып:

– Шекараның дәл аузында орналасқан, өзің туып-өскен үлкен аудан. Проблемасы да жетіп артылады. Алматыға бауыр басып қалған шығарсың, бірақ ел ішінде де қызмет істейтін азаматтар керек,– деді.

Қызметте ғана емес, өмірдегі тамаша ұстазымның, лауазымды да, білікті заңгердің бұл ұсынысына қуанып, сенімін абыроймен атқаруға, сот қызметіне кір келтірмеуге ұмтылдым.

## Ізденген жетер мұратқа

Қайрат ағаның өнегелі өмір жолына үңілгенімізде бұрынғы кеңес заманында білім алған бірегей азамат екенін көреміз. Ол заманда ауылда, қарапайым мұғалімдердің көпбалалы отбасында өскен жеткіншектердің жоғары оқу орнына түсуі оңай емес еді. Әсіресе, Алматыдағы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетіне бір орынға жиырмадан астам талапкер таласатын. Өндірісте жұмыс істеп, әскерге барып келген азаматтарға біршама жеңілдік болатын. Қайрат Әбдіразақұлы алдымен еңбекке араласты. Орта мектептен кейін екі жыл әскерде Отан алдындағы азаматтық міндетін атқарған соң, Алматы ауыр машина жасау зауытында жұмысшы болып еңбек етіп, ақыры арманы болған ҚазМУ-дің заң факультетіне оқуға түсті.

Заңгер мамандығын алған соң, жолдамамен Атырау облыстық сотына тағылымдамашы болып жұмысқа орналасады. Бір жылдан соң осы соттың ең жас судьясы болады. Үш жылдан кейін облыстық сот алқасының төрағасы, ал алты жыл өткенде облыстық сот төрағасы лауазымына тағайындалады. Кеңес заманының кеңшілігі дегеніміз осы. Қайрат аға сынды білімді де білікті, алғыр

да мақсаткер жас азаматтардың қызметтік жолында өсуіне, өрлеуіне еш кедергі болған емес.

Атырау облыстық сотының бұрынғы төрағасы Уақап Тұрымов өз шәкірті Қайрат Мәми жайлы: «Ол алғашқы күннен-ақ тиянақты да тындырымдылығымен көзге түсті. Біршама тәжірибе жинап, ысыла келе судьялық қызметтің қыр-сырын тез-ақ меңгеріп алды. Заңды жетік білетіндігін іспен дәлелдеп, берілген жұмысты белгіленген уақытта жылдам әрі сапалы орындау қабілетімен ерекшеленеді. Сот ісінің заңдылығына өте мұқият қарайтын. Өзінің жүріс-тұрысына, күнделікті атқарып жүрген қызметіне сын көзімен қарап, содан қорытынды шығара білетін ұқыптылығымен есімде. Айналасы алты жылдың ішінде облыстық соттың төрағасы лауазымына көтерілуі – осындай біліктіліктің арқасы» деген сөзі – өз шәкіртіне берген аға буын ұстаздың лайықты бағасы.

## «Қайрат Мәми - әділдіктің көкесі!»

Қайрат Әбдіразақұлының әділдігіне қоса, ұлтжандылығы, ата салт-дәстүрімізге жетістігі, сөз қадірін білетін, ана тіліміздің шынайы жанашыры екендігі де айналасындағы азаматтар мен өкше басып келе жатқан ізбасар іні-қарындастарына ой салатын үлгі-өнеге. Ана тілі дегеннен шығады ғой, осы орайда сөз өнері саласының саңлағы, әйгілі академик Зейнолла Қабдоловтың: «Ұлы ұстазым академик Әуезов бір жолы маған: «Шедевр деген сөзді қалай аударар едің?» деп еді. Іркілгенім жоқ: «Көркемдіктің көкесі!» дедім. Сол секілді Қайрат Мәми кім? десе, мен іркілместен: «Қайрат Мәми – әділдіктің көкесі!» дер едім» деген сөзі ел жадында әлі жаңғырып тұр.

Қайрат Әбдіразақұлы Жоғарғы Сот төрағасы қызметіне келісімен, тәуелсіз еліміздің он жылы ішінде сот жүйесіндегі кенжелеп қалған реформаны әлемдік деңгейге көтерді. Негізгі мақсат – сот жүйесін атқарушы биліктің ықпалынан шығарып, тәуелсіз сот жүйесін құру болатын. Себебі, әміршілдік жүйе болып саналған кеңес заманында және еліміз тәуелсіздік алған өтпелі кезеңде соттар материалдық-техникалық жағынан, кадрлармен қамтамасыз етуде атқарушы биліктің әділет органдарына тәуелді болды. Мұндай тәуелділіктен құтылмай, сот жүйесінің дербес дами алмайтынына, әрі судьялардың шынайы тәуелсіздігі болмайтындығына осы саланың мән-жайын білетін мамандардың көздері анық жеткен еді.

Республика Президентінің «Қазақстан Республикасы сот жүйесінің тәуелсіздігін күшейту жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы қабылданып, сот кадрлары саласындағы және басқа да бірқатар өкілеттіктер Әділет министрлігінен Жоғарғы Сот пен жаңадан құрылған Соттарды ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету комитетіне берілді. Бұл сот жүйесін өз алдына дербес те тәуелсіз жүйеге айналдырды. Судьяларды атқарушы биліктің әкімшіл-әміршілдік нұсқауларын орындаудан құтқарды. Аталған жарлықтың қабылдануына Қайрат Әбдіразақұлы ұйытқы болған еді. Бұл – өз кезегінде, тәуелсіз мемлекетіміздің, тәуелсіз сот жүйесін құруды көздеген ел өміріндегі аса маңызды саяси және тарихи оқиға.

Келесі аса маңызды құжат «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңда да Қайрат Әбдіразақұлының қолтаңбасы бар. Бұл заң сот құрылысының негізгі қағидасы және республика соттарының жұмыс тәртібін айқындап, сот жүйесіндегі оң өзгерістерді жалғастырды. Нәтижесінде сот билігі мемлекеттік билікті іске асырудың барлық қажетті тетігіне ие болып, азаматтардың құқықтары мен бостандығын тиімді қорғауға, қоғамды әлеуметтік даулардан сақтауға қабілетті әрі тұрақтандырушы күшке айналды.

## Көреген басшы - көшті алға жетелейді

Қайрат Әбдіразақұлы ұлттық құқықтық институттың ежелгі тарихын ардақтай біл-

ді. «Қазақ билер соты – бірегей сот жүйесі» атты халықаралық ғылыми конференцияны ұйымдастыруға тікелей басшылық жасады, әрі жоғары деңгейде өткізді. Аталған форум отандық және Ресей, Қытай, Үндістан, Жапония, Ұлыбритания, тағы басқа көптеген елдердің заң, тарих, филология, философия саласындағы екі жүз елуге жуық танымал ғалымдарын біріктіріп, құқықтық жүйелердің қалыптасуы мен дамуын зерттеуде, еліміздің заңтану саласы мен ғылыми және құқықтық өмірінде маңызды оқиғаға айналды. Еліміздің Жоғарғы Соты бірқатар қазақстандық ғалымдардың бірегей билер соты туралы мәселені оқу орындарында ғана зерттеумен шектеліп қалмай, көшпенділер өркениеті құқықтық жүйесінің жалпы мәдени құндылығын мойындай отырып, әлемдік қоғамдастыққа таныту жолындағы үлкен ұмтылысын қолдады.

Жалпы, Жоғарғы Сотта республикалық және халықаралық деңгейлерде ғылыми конференциялар, шартараптан келген шетелдік сарапшылармен өткен түрлі пікір алмасулар, дөңгелек үстелдер ұтымды ұйымдастырылып, үздіксіз жүргізілді. Бұл игілікті істер еліміздің тәуелсіз сот билігін әлемдік стандартқа сәйкестендіру үшін құқықтық тұжырымын, бағыт-бағдарын айқындап берді.

Қайрат Әбдіразақұлының бастамасымен сот ісін жүргізуді одан әрі жаңғырту және оңайлату, сот төрелігі мен сот әкімшілігі мәселелерінің ара-жігін ажырату, мамандандырылған соттар құру, судьялардың кәсіби деңгейін арттыру бойынша бірқатар бұрын-соңды болмаған оң шешімдер қабылданды. Мәселен, заңды тұлғалардың арасындағы дауларды түпкілікті қарау мақсатында мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар құрылды. Аталған соттарды құру қажеттілігі Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі мәжілісінің кеңескен ұсыныстарын орындау жөніндегі шаралардан туындаған. Алдымен экономикасы мықты дамыған Алматы және Қарағанды қалаларында ауданаралық мамандандырылған экономикалық соттар құрылды.

Әрі қарай Қазақстан судьяларының үшінші съезінде мамандандырылған соттар жүйесін: бірінші кезекте экономикалық және әкімшілік соттарды кезең-кезеңімен құру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру міндеті қойылды. Мұндай соттардың өміршеңдігі еліміздегі нарықтық институттарды дамытуға, инвестициялық ахуалды жақсартуға оң әсерін тигізді. Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар заңды тұлғалар мен заңды тұлғаны құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын азаматтар арасындағы дауларды қарастырады. Әкімшілік соттарға мемлекеттік билік органдарының әкімшілік өкілеттіктерінен туындайтын істерді қарау құзыреті берілді. Сол арқылы азаматтардың жария-құқықтық саладағы құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетігі күшейтілді. Осылайша еліміздің сот жүйесі одан әрі дами түсті.

Мамандандырылған экономикалық және әкімшілік соттарды құру аудандық соттардың шектен тыс жүктемесін елеулі түрде азайтып, сот төрелігін жүзеге асыру сапасын жақсартуға, оны азаматтар үшін қолжетімділігіне мүмкіндік берді. Бұл соттардың мақсаты – Қазақстан Республикасында сот билігі азаматтар мен ұйымдардың құқығын, бостандығын және заңдық мүдделерін қорғап, Конституцияның, заңдардың, өзге де құқықтық актілердің, халықаралық шарттардың орындалуын қамтамасыз етті.

## Жаңа бастамалардың жаршысы

Реформа мұнымен шектелмеді. Бұдан кейін Астана және Алматы қалаларында Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық істерді, әкімшілік құқық бұзушылық және азаматтық істерді қарау үшін кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар құрылды. Бастама жалғасын тауып, арада бес жыл өткен соң аталмыш соттар облыстардың орталықтары мен кейбір ірі қалаларда да құрылды. Жоғарғы Сот рес-

публикамызда жасөспірімдерге қатысты әділет жүйесін енгізуге және кәмелеттік жасқа толмағандар сотын құруға бірден-бір бастамашы болды. Мұндай сот төрелігінің жүйесін құрудың қажеттілігі өмірдің өзінен туындады. Өйткені, жас ұрпақ тәрбиесіне жете мән бермеген мемлекеттің болашағы бұлдыр болмақ. Қайрат Әбдірзақұлы оны жақсы түсінді.

Жоғарыда аталған соттар құрылып, өз нәтижесін берген соң келесі кезеңде істі алқа билер қатысуымен қарайтын соттарды құруға жалғасты. Қылмыстық сот ісін алқа билердің қатысуымен жүргізу институты еліміздің сот жүйесінің дамуына түбегейлі өзгеріс әкелді. Аса ауыр қылмыстарды алқа билердің қатысуымен қарау сот төрелігін халық өкілдерінің қатысуымен ашық әрі шынайылықпен жүргізудің нормаларын айқындады.

Алқа билер сот шешімінің әділ өтуіне ықпалын тигізді, сот ісіне қатысушылар құқықтық жағынан барынша қорғалды. Алқа билер соты қаншама уақыт халықтың тілегі ғана болып келсе, оны Қайрат Мәми басқарған Жоғарғы Сот ақиқатқа айналдырды. Бұл орайда қабылданған заң қылмыстық сот ісін жүргізуге алқа билердің қатысуына байланысты қатынастарды реттеп, алқа билердің құқықтық мәртебесін, тәуелсіздігінің кепілдіктерін, олардың қызметін қамтамасыз етудің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындады. Алқа билердің еңбегіне ақы төлеу де заңмен бекітілді.

## Сот жүйесіндегі соны реформалар

Сот жүйесінің кадрларын даярлау, судьялардың білімі мен кәсіби деңгейін арттыру мақсатында Жоғарғы Сот жанынан Судьялардың және сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты ашылды. Екі жылдан соң аталған институт Жоғарғы Сот жанындағы Сот академиясы болып қайта құрылды. Оның міндеті – республика судьяларының біліктілігін арттыру және мамандандырылған магистратура арқылы сот жүйесі үшін кадрлар резервін қалыптастыру еді. Әрі қарай Сот академиясы Сот төрелігі институты болып қайта құрылып, Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының құзырына берілді.

Жоғарғы Сот төрағасы болған жылдарда Қайрат Әбдіразақұлы сот рәсімдерін оңайлату, сот сатыларын қысқарту, істерді қарау кезінде қағазбастылықтан арылу, жергілікті соттардың рөлін күшейту мақсатын көздеді. Заңнамалық деңгейде судьялардың кәсіби біліктілігіне қойылатын талаптар күшейтілді. Судьялардың сот әділдігін іске асыру кезінде заңдылықты және судья әдебін сақтау жауапкершілігін арттыру жөніндегі шаралар кешені қабылданды. Жұмыс істеп жүрген судьялардың кәсіби деңгейін анықтау үшін Жоғарғы Сот жанынан Сот жюриі құрылды.

Реформа барысында «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңға түзетулер енгізіліп, республикалық және облыстық тәртіптік-біліктілік судьялар алқасының өкілеттіктері кеңейтілді. Егер бұрын судьяларға қатысты тәртіптік істі қозғау құқығы Жоғарғы Сот пен облыстық соттардың төрағаларында болса, ендігі жерде бұл өкілеттіктер судьялардың тәртіптік-біліктілік алқасына жүктелді. Кейін тәртіптік-біліктілік алқаларының функциялары барлық деңгейдегі соттардың өкілдігін ескере отырып, қалыптастырылатын алқалық орган ретінде Сот жюриіне берілді.

Одан кейінгі сот жүйесін жетілдіру шаралары Конституцияға түзетулер енгізумен байланысты болды. Қабылданған жаңашылдықтар арқылы сот жүйесі азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету ісінде барынша сенімді құқықтық кепілдіктер алды. Атап айтқанда, қамауға алуға соттың санкция беру жүйесі енгізілді. Бұл шешім қазақстандық қылмыстық-процестік құқықты халықаралық құқықтық актілерде белгіленген стандарттармен үйлестіруге мүмкіндік берді.

Елімізде азаматтардың конституциялық

құқықтарын шектейтін барлық тергеу әрекеттерін санкциялау өкілеттігін тергеу судьясына кезең-кезеңімен беру арқылы соттардағы айыптау мен қорғау арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуді көздейтін мамандандырылған тергеу соттары құрылды. Ол қылмыстық процесс аясында сотта, соның ішінде, сотқа дейінгі сатыда айыпталушы және қорғаушы арасындағы теңгерімді қамтамасыз етті. Осы мақсатта адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын шектейтін тергеу әрекеттерін санкциялау бойынша тергеу судьяларының құзыретін одан әрі кеңейтудің заңнамалық тетіктері қабылданды.

## Сапалы кадр - жемісті жұмыс кепілі

Әділет біліктілік алқасын таратып, оның судьялар лауазымына үміткерлерді іріктеу жөніндегі функциясын Жоғары Сот Кеңесіне беру де – тың қадамның бірі. Осы арқылы соттардың тәуелсіздігі қағидаттарының пәрменділігі арта түсті. Білікті судьялар кадрларын іріктеуге жауапты, сондай-ақ барлық деңгейдегі сот судьяларын тағайындауға ұсыным беруге уәкілетті орган ретінде Жоғары Сот Кеңесінің рөлі күшейтілді. «Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы» заңның қабылдануы судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету, кадрларды сапалы іріктеу бойынша осы органның өкілеттіктерін кеңейтті.

Енді сот төрелігін сапалы атқару үшін кезең-кезеңмен халыққа тиімді заңдар әзірлеу керек болды. Елімізде сот дауларын шешудің балама тәсілдерін, соның ішінде медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін, медиатордың мәртебесін айқындау мақсатында Жоғарғы Сот әзірлеген «Медиация туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне медиация мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдар қолданысқа енгізілді. Сот төрелігін баламалы негізде халықтың өзін қатыстыра отырып жүргізу – шынайылық пен әділдіктің және жариялылықтың тиімді тәсілі, ол өмір қажеттігінен туындады. Дауды шешудің медиация тараптарын қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу және тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету үшін еріктілік; медиация тараптарының тең құқылығы; медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы; медиация рәсіміне араласуға жол бермеушілік; құпиялық қағидаттары негізінде жүргізілді.

Аталған құқықтық институт еліміздің аумағында ғана емес, халықаралық деңгейде де кеңінен қолдау тапты. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты осы медиация институтын енгізу жобасы аясында Біріккен Ұлттар Ұйымының даму бағдарламасы жөніндегі келісімге қол қойды. Медиация институтын дамытуда шетелдік озық тәжірибелер кеңінен пайдаланылды.

Судьялардың жұмысын жеңілдету үшін елімізде барлық соттарда электронды сот ісін жүргізу жүйесі енгізілді. Сот өндірісіне қатысушылардың істің қозғалысы туралы жедел ақпарат алуына, шығарылған сот актілерімен барлық мүмкіндіктер жасалды.

Бес сатылы сот жүйесінен үш деңгейлі жүйеге көшу – сот реформасының аса маңызды бөлігі болып саналды. Осы ретте істердің көпшілігін қарайтын бірінші және апелляциялық сатыдағы соттардың рөлі айтарлықтай күшейе түсті. Бұл модель сот шешімдерінің заңды күшіне жедел енуіне ықпал етті, судьялардың іс қарауда тәжірибелерін шыңдады. Азаматтардың жеке өмірін құпия ұстау құқығына берілетін кепілдікті сақтай отырып, сот жүйесі ашықтығымен ерекшеленді. Барлық істерді қарайтын сот залдары дыбыс-бейнежазба құрылғыларымен қамтамасыз етілді, жазбаны тоқтату немесе редакциялау мүмкіндігіне жол берілмейтін болды.

## Еңбек бағалануымен құнды

Қайрат Әбдіразақұлы сот жүйесіндегі судьялардың жалақысының мардымсыздығын білгендіктен, мемлекет тарапынан жасалатын әлеуметтік кепілдіктерді оңынан шеш-

ті. Мінсіз беделі, еңбек өтілі жиырма жылдан асатын судьялар құрметті демалысқа шыққанда лайықты зейнетақы алып тұратын болды.

Осы орайда, Ш.Әмірдің «Аға» кітабында Жоғарғы Соттың судьясы болған ардагер ағамыз Аманкелді Рысқалиев: «Ел азаматтарының құқықтары мен заңды мүдделерін заң аясында қорғап, тыныштық пен татулықтың, ел бірлігінің кепілі болып келген судьяларға осындай жақсылықтың жасалуына саланың отына қақталып, суығына қарылған Қайраттай қайсар, кең пейіл, елім деп еңіреп, жұртым деп жар салатын тұрақты тұлғаның айқын қолтаңбасы жатқаны сөзсіз» деп жазған екен.

Қайрат Әбдіразақұлы Жоғарғы Сот төрағасы ретінде еліміздегі соттардың материалдық-техникалық базасын жақсартуға барынша күш салды. Өзі де судья болып істегендіктен, сот әділдігін қамтамасыз ету үшін, ең алдымен, судьялардың дербес те тиімді жұмыс істеуіне қолайлы мүмкіндік туғызу қажеттігін ескеріп, осы мәселеге айрықша көңіл бөлді. Өңірлерге іссапарларға шығып, облыстық, қалалық, аудандық соттардың жай-күйін өз көзімен көріп, зор беделін салғанының арқасында олар жаңа да жайлы ғимараттарға көшірілді.

«Бітер істің басына, жақсы келер қасына»

Қайрат Әбдіразақұлы Судьялар одағының бастамасын қолдап, өзінің ерекше қамқорлығының арқасында оның Халықаралық судьялар қауымдастығына кіруіне ұйытқы болды. Республиканы әлемдік аренада танытуда шашасына шаң жұқтырмайтын сәйгүліктер сияқты тағы бір қырын жарқ еткізіп байқатты. Оның сот жүйесін жетілдірудегі елеулі жетістіктері халықаралық деңгейдегі абырой-беделін арттырды.

Мәскеу қаласында өткен Ресей және Қазақстан судьяларының бірлескен конференциясында Ресей Федерациясы Конституциялық сотының судьясы Борис Эбзеев: «Осы конференциядан түйгенім – екі елдегі әділет саласының проблемалары жалпы алғанда ұқсас. Меніңше, сот реформасына қатысты мәселелерде Ресей алдыңғы қатарда келе жатқан сияқты, бірақ сот-құқықтық позициясы тұрғысынан келгенде бірқатар мәселелер бойынша Қазақстан бізден көп ілгері тұр» деген еді. Ал осы алқалы жиынға қатысқан Грузия Жоғарғы Сотының төрағасы Ладо Чантурия: «Жүргізіліп жатқан сот-құқықтық реформа бойынша Қазақстан бүкіл ТМД елдерінің алдында тұр. Оған Жоғарғы Соттың төрағасы, Халықаралық заңгерлер одағы төрағасының орынбасары Қайрат Мәмидің үлкен үлес қосып отырғанына сенімім зор» деген болатын.

«Бітер істің басына, жақсы келер қасына» демекші, міне, осындай сот жүйесіндегі түбегейлі өзгерістердің басы-қасында Қайрат Әбдіразақұлының басшылық еткенін жақсы білеміз. Нәтижесінде соттар жаңа Қылмыстық, Қылмыстық процестік, Қылмыстық атқару кодекстеріне және айтарлықтай жаңартылған Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекске сүйеніп, нәтижелі әрі әділ жұмысты қамтамасыз етті. Соттардың жаңа құзыреті, сот ісін жүргізудің жеңілдетілген тәртібі, сот бақылауы мен сот талқылауы барысындағы судьялар құзыретінің кеңейтілуі қылмыстық сот әділдігінің сапасын арттыруға жол ашты.

Жоғарғы Сот төрағасы ретіндегі қызметін түйіндесек, Қайрат Әбдіразақұлының басшылығымен елімізде заңдардың орындалуын қамтамасыз ететін және халықаралық стандарттарға сәйкес келетін тәуелсіз сот билігі қалыптасты деп нық сеніммен айтамыз. Судьяларға қойылатын біліктілік талаптарын арттыру – кәсіби деңгейі жоғары заңгерлерді тартуға мүмкіндік берді. Бүгінгі күні де сот саласындағы бірқатар реформалар өз жалғасын табуда.

Еліміздің сот саласын толық жүйеге түсірген соң Қайрат Мәми Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасының Бас прокуроры болып тағайындалды. Мұны біз Қайрат ағаның Жоғарғы Сот төрағасы ретінде жауапкершілігі мен міндеті бірге жүретін лауазымындағы ерен еңбегіне берілген жоғары баға ретінде қабылдадық. Ол кісі жаңа лауазымында да өзінің іскерлігімен танылып, құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылын үйлестіруді жақсарта білді.

## Қазақстан Прокуратурасындағы айшықты із

Қайрат Әбдіразақұлының тұсында бұрын-соңды болмаған жетістіктерге қол жеткізілді, арнайы прокурорларға тергеу құқығы қайтарылды. Оның бастамасымен Қазақстан прокурорлары қауымдастығы құрылып, бұл ұйым Халықаралық прокурорлар қауымдастығының толық құқықты мүшесі болды. Қашанда қарамағындағы адамдардың әл-ауқатын, тұрмыстық жағдайын жақсартуды өз парызы санайтын Қайрат аға прокуратура қызметкерлерінің жалақысымен зейнетақыларын көбейтуді шешті.

Бас Прокурор қызметін абыроймен атқарған Қайрат Әбдіразақұлы әрі қарай үлкен сенімге ие болып, Парламент Сенатының төрағасы болып сайланды. Бұл қызметін де абыроймен атқарды. Кәсіби және өмірлік тәжірибесі мол заңгер басшы болғандықтан, еліміздің заң шығару саласында да айшықты ізін қалдырып, қазақстандық парламентаризмнің дамуына өзіндік үлесін қосты. Халықаралық дәрежедегі маңызды іс-шараларға қатысып, Қазақстанның атынан салиқалы сөз сөйлеп, өзге мемлекеттермен парламентаралық ынтымақтастықта басымдыққа ие ұлттық заңнамалардың ықпалдасуын стратегиялық тұрғыдан күшейте білген спикер атанды.

Мысалы, Қайрат Әбдіразақұлының Венада болған Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы Парламенттік Ассамблеясы Тұрақты комитетінің отырысына қатысып, сөз сөйлегені – Парламент Сенаты тарихындағы маңызды оқиғалардың бірі.

## Бедел мысқалдап жиналады

Қайрат Әбдіразақұлы өзіне Сенат төрағасы ретінде жүктелген Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі хатшылығының басшысы міндетін де абыроймен атқарды. Атап айтқанда, Астана қаласында өткен кезекті Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының IV съезін ойдағыдай ұйымдастыруға орасан зор еңбек сіңірді. Съездің жалпы отырысына төрағалық етіп, «Бейбітшілік пен келісім – адамзаттың таңдауы» тақырыбында баяндама жасады. Аталған дүниежүзілік форумның он жылдығына орай «Өркениеттер үнқатысуындағы астаналық дінаралық форумның рөлі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияны да өзі ұйымдастырды.

Сенаттағы, Бас прокуратурадағы мол тәжірибесі сот жүйесінің қордаланған мәселелерін сырттан зерделеп-зерттеп, оның мәнісін терең талдауға ықпал етті. Сот жүйесіне жанашыр, парасатты басшы қажет екені ескеріліп, заң үстемдігін ары қарай жетілдіру үшін Мемлекет басшысының Жарлығымен Қайрат Мәми Сенат төрағасы қызметінен Жоғарғы Сот төрағасы болып қайтадан тағайындалды. Осылайша сот жүйесі саласында өзі бастап кеткен игі істерді одан әрі жалғастырды, өзінің лауазымын аса зор абыроймен атқарды.

Оның ішінде ұлттық құқықтық жүйенің алдында тұрған сот әділдігін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру және оның сапасын көтеріп, тиісті жүйесін қалыптастыру секілді іргелі ауқымды міндетті шешуге ерекше көңіл бөлді. Мәселен, сот жүйесінің ынтымақтастық жөніндегі халықаралық консорциумның сарапшысының қатысуымен «Соттар қызметінің тиімділігіне мониторинг жүргізу және оны бағалау» тақырыбында семинар-тренинг өткізілгені жадымызда. Оның аясында соттар қызметінің тиімділігін бағалаудағы Нидерланд, Сингапур, АҚШ, Финляндия сияқты дамыған елдерден жинақталған озық тәжірибесі кеңінен зерделенген болатын.

## Ұлтжанды азамат

Кейінгі жылдары Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңес төрағасы лауазымын абыроймен атқарды. Оның Конституцияда көзделген жағдайларда Республика Президентінің және соттардың өтініштерін қарап, жоғары кәсіби

деңгейде әзірленген қорытындылар беруін, сондай-ақ жыл сайын Парламентке еліміздегі конституциялық заңдылықтың жайы туралы, конституциялық реформаның жүзеге асырылу барысын, Конституциялық Кеңестің «Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы» жыл сайынғы жан-жақты әрі терең мазмұнды жолдаулар жіберуін қамтамасыз етті. Мемлекеттегі конституциялық бақылауды жүзеге асыру тәжірибесі, заң шығару процесін жетілдіру, заңнаманы Конституцияға сәйкес келтіру туралы оң өзгерістер осы кезде жүзеге асты.

Қайрат Әбдіразақұлы туралы оның ұстазы, заң саласына өлшеусіз үлес қосқан, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, заманымыздың заңғар ғұлама ғалымы заңгер, академик Салық Зиманов: «Шынымды айтсам, Қайрат Мәмиге деген көңілім де, сенімім де ерекше. Әсіресе, оның жоғары дәрежелі үкіметтік лауазымы бола тұрып, ғалымдарды сыйлауы, олардың еңбектерін құқық қорғау мекемелерінің іс-әрекеттерінің сүйеніші, тірегі деп тануы, оларды өз тарапынан ұйымдастырып жатқан мәжіліс-талқылауларға, конференцияларға шақырып қатыстыруы, олармен ойларын бөлісуі – кездесе бермейтін үлкен қасиет. Қайрат Мәми – ісін біліктілікпен, білімділікпен тиянақты атқаратын ұлтжанды азамат» деп жылы ілтипат білдірген екен. Адалдық пен әділдіктің туын асқақ көтерген заңғар тұлғалы заңгер ағамыздың аузынан шыққан осы баға – мыңның біріне ғана бұйыратын мерей. Әрі бұл бір ғалымның емес, барша азаматтардың да беретін бағасы болса керек.

Биік парасат иесі Қайрат Әбдіразақұлы Мәми ағамыздың мемлекеттік билік жүйесінің үшінші тармағы болып табылатын сот билігін жүзеге асыруда бүгінгі күнде кең байтақ еліміздің түкпір-түкпірінде қызмет атқарып жүрген шәкірттері қаншама! Айбыны асқақ нар тұлғалы Қайрат ағамыздың өмірлік еңбек жолы, солардың ішінде біз сияқты шәкірттеріне және келесі ұрпаққа да үлгі-өнеге бола бермек!

**Мұратғали ӘКЕТАЙ,**
**заң ғылымдарының кандидаты,**
**доцент**
**Өскемен қаласының**
**мамандандырылған тергеу**
**сотының төрағасы**

# ПРИНЦИП СОСТЯЗАТЕЛЬНОСТИ СТОРОН ОБВИНЕНИЯ И ЗАЩИТЫ

I. *Уголовно-процессуальный кодекс Италии от 24 октября 1988 года ввел в уголовный процесс некоторые характеристики состязательной системы. Одной из основных целей Кодекса было обеспечение возможности обвиняемому: лично услышать доказательства против него и оспаривать их при необходимости. Такая возможность предоставлялась через подход с «двумя досье (папками)». Согласно Кодексу, единственные доказательства, принимаемые во внимание против обвиняемого — это доказательства, представленные и проверенные на суде, а не доказательства, которые могли бы быть собраны в ходе предварительного расследования [1].*



Новелла вызвала резкое неприятие в европейской романо-германской доктрине уголовного процесса. Оппоненты указывают на ошибочность механического рецептирования обвинительно-состязательной системы и многих решений Верховного Суда

США, возникшие противоречия и проблемы в судебной практике, несоответствие принципам и стандартам доказывания «американизированного» судопроизводства.

Опыт Италии показал, насколько сложно и невозможно радикальным образом менять юридическую культуру и вековые традиции.

II. Как ответ на эту реформу внедрения теории «двух досье», запрещающей направлять в суд уголовное дело, началась контрреформа. Конституционным судом Италии в 90-х годов прошлого века были приняты три решения, которые признавали явные нарушения ряда конституционных прав личности. Решения Конституционного Суда 1992 года пытались поставить конец попытке Италии ввести «состязательную» систему судопроизводства.

а) Первое из этих известно, как Решение Конституционного Суда № 24/1992. Именно с этого решения начались попытки разрушить идеи авторов Кодекса об отделении предварительного следственного этапа процедуры от судебного рассмотрения. Они были направлены на расширение способов получения информации из досье предварительного следствия, которая могла проникнуть в суд через показания следователей. В решении № 24/1992, поставленный перед судом вопрос касался конституционности ограничения, установленного ст. 195 УПК Италии.

Суд особенно заострил внимание на ч. 4 ст. 195 УПК Италии (далее – Кодекс), где вставал вопрос о недопустимости органам полиции давать показания о досудебных заявлениях, собранных ими в ходе предварительного следствия. Основная идея этого правила заключалась в том, чтобы избежать введения досудебных заявлений важных свидетелей с информацией о преступлении через показания следователя.

Но Конституционный Суд пришел к заключению о том, что ч. 4 ст. 195 Кодекса признаётся неконституционной, поскольку ей не было дано разумного обоснования. Суд также подчеркнул, что ради установления истины судья должен иметь возможность рассмотреть как можно больше информации о преступлении. Это решение следует воспринимать как попытку открыть возможность для получения данных первой папки через лиц, производивших следствие по уголовному делу. По последующим решениям Конституционного Суда можно сделать вывод о том, что он, в свою очередь, решительно намеревался свернуть основные столпы новой «состязательной» системы.

б) Решение № 254/1992 является вторым из трех постановлений Конституционного Суда 1992 года, которые подорвали основные опорные структуры новой «состязательной» системы Кодекса. Это решение касалось ч. 2 ст. 513 УПК Италии, которая запрещала оглашать в суде досудебные показания соучастников, когда те вызывались в качестве свидетелей в суд. Это положение возникало в случаях, когда предполагаемый соучастник обвиняемого давал показания полиции во время расследования, но, когда его вызывали для дачи показаний на суде, сообщник воспользовался правом хранить молчание.

Суд постановил, что для выявления объективной истины судьям необходимо иметь возможность рассмотреть как можно больше информации о преступлении, которую они могут узнать на суде.

Очевидно, что одним из факторов, который, вероятно, влиял на мотивировку решения членами Конституционного Суда в решении № 254/1992 была угроза организованной преступности в Италии. Между тем, решение № 254/1992 касается не только организованных преступных групп, а может применяться к любому делу с несколькими обвиняемыми. Но все же давление на суд и всю итальянскую уголовно-процессуальную систему со стороны организованной преступности следует рассматривать как фоновый фактор при принятии решения судом. Именно в 1992 году, когда мафия казалась более могущественной, чем полиция, было гораздо сложнее добиться того, чтобы соучастники давали показания друг против друга в суде.

в) Третье решение Конституционного Суда в 1992 году – № 255/1992. Вопрос, которым был поставлен перед Конституционным Судом, касался конституционности ч. 3 ст. 500 УПК касательно использования предыдущих досудебных показаний свидетеля для опровержения его слов на суде. Ситуация, с которой столкнулся Конституционный Суд, была такова: свидетель дает одни показания во время предварительного следствия, но в стадии судебного разбирательства полностью или частично противоречит ранее им сказанному.

Ч. 3 ст. 500 УПК Италии предусматривала, что отказ свидетеля давать показания или подвергаться перекрестному допросу не могут рассматриваться как допустимые доказательства, имеющие существенное значение для исхода дела. А только оцениваются как подтверждение надежности свидетеля, не исключая его уголовную ответственность.

Ограничения в ч. 3 ст. 500 Кодекса признаны Конституционным Судом как имеющие конституционное измерение. Но Суд пришел к заключению о том, что ограничения на использование показаний, полученных в ходе предварительного расследования, не обоснованы и являются неконституционными, поскольку они иррационально мешают поиску истины.

Решение Конституционного Суда в деле № 255/1992 представляло собой оценку им правильного баланса между поиском истины и необходимостью справедливой процедуры для защиты прав обвиняемых [2].

III. Широкому обсуждению и критике среди казахстанских и постсоветских правоведов подверглось предложение Верховного Суда Республики Казахстан «Шаг № 5» по заимствованию итальянского опыта реформирования судебного производства с внедрением системы «двух папок (досье)» с целью мнимого усиления принципа состязательности сторон обвинения и защиты.

Доктор юридических наук, профессор МГУ Л. В. Головко высказывался, что введение такой реформы «чревато стать дестабилизирующим в обществе фактором», так как оно скорее ослабит сторону защиты и приведет к большим негативным последствиям. Именно единое уголовное дело является «компенсаторным механизмом» по процессуальному уравниванию сторон. Именно доступ суда к всестороннему, полному и объективному ознакомлению с обстоятельствами дела; доступ стороны защиты для формирования своей линии аргументации к уголовному делу позволяют установить материальную истину. Л. В. Головко призывает также учитывать социальный аспект в последствиях реализации данного предложения [3].

IV. Дополнительные аргументы против итальянской концепции «двух досье»:

а) недопустимо переносить стандарты чужеродной, несвойственной системы доказывания из частного права в публичное, из англо-саксонской процессуальной доктрины в романо-германскую (континентальную); казахстанский уголовный процесс исторически относится к следственной модели уголовного судопроизводства с публичным, письменным и тайным досудебным расследованием, состязательным главным судебным разбирательством;

б) уголовное судопроизводство в силу принципа публичности (ч. 1 ст. 34 УПК РК) не равнозначно условному понятию «уголовный иск», когда доказывание возлагается в равной мере на стороны, процесс доказывания ведется без досудебного производства непосредственно в суде первой инстанции, несопоставимы возможные отрицательные правовые последствия, которые по уголовным делам будут необратимы;

в) ввиду правовой и фактической сложности установления обстоятельств многих преступлений, необходимости обеспечения явки участников, противодействия стороны защиты, попыток уклонения лиц от уголовной ответственности государство наделяет функцией досудебного расследования специализированные органы, предоставляя им широкие права на собирание доказательств и применение мер процессуального принуждения;

г) многие письменные материалы досудебного расследования (протоколы осмотра места происшествия, следственного эксперимента, документы финансово-экономической деятельности, заключение экспертизы и т.д.) не могут быть воспроизведены в суде без уголовного дела; свидетельствующие лица (потерпевший, свидетели) могут давать ложные или неточные показания ввиду подкупа, угроз, шантажа, прошедшего времени, забывчивости и т.д.);

д) в системе уголовно-процессуального доказывания собирание и исследование (проверка) доказательств и их предварительная оценка – непосредственная функция органов расследования, а судья (суд) обязан исследовать собранные ими и представленные в суд доказательства, дать им окончательную оценку, мотивировать принятие одних и отвержение других доказательств;

е) в силу разделения функций обвинения, защиты и разрешения дела на суд (судью) не может быть возложена функция повторного квази-собирания доказательств;

ж) подобные процедурные «реформы» не усилят независимость судьи при исследовании и оценке доказательств, а породят понижение качества расследования, пассивность стороны защиты до суда, возложение на суд несвойственных ему функций обвинения и защиты, затягивание сроков рассмотрения дела;

з) до переименования (в 2014 г.) в досудебное расследование оно именовалось как предварительное расследование. Тем не менее, выводы следователя, дознавателя по оценке фактических данных как доказательств остаются предварительными для суда. Суд, в соответствии с ч. 4 ст. 24 УПК РК не связан с мнением сторон по вопросам необходимости и достаточности исследования доказательств, имеющихся в уголовном деле. В этой связи в ст. 125 УПК РК можно внести дополнение о том, что оценка доказательств следователем, дознавателем и прокурором является предварительной и не обязательной для суда при рассмотрении уголовного дела;

и) детальное разъяснение об окончательной и независимой от органов уголовного преследования оценке доказательств судом может быть дано в нормативном постановлении Верховного Суда РК от 20 апреля 2006 года № 4 «О некоторых вопросах оценки доказательств по уголовным делам».

И главное, подлинная, а не иллюзорная независимость судьи при отправлении правосудия в соответствии с Бангалорским принципами поведения судей, в первую очередь, внутри судебной системы – залог объективной, всесторонней и справедливой оценки доказательств судом. И только тогда каждый судья сможет смело, по внутреннему убеждению, в соответствии с законом, правосознанием и собранными доказательствами либо осудить виновного либо оправдать невиновного.

**А. АХПАНОВ,**
**А. ХАМИДУЛЛИНА,**
**Институт законодательства**
**и правовой информации РК**

**ПРИМЕЧАНИЯ**

*Барабанов П.К. Уголовный процесс Италии. - М.: Спутник+, 2019. - 461 с.*

*Elisabetta Grande, Italian Criminal Justice: Borrowing and Resistance // The American Journal of Comparative Law, Vol. 48, No. 2 (Spring, 2000), p. 238-240; William T. Pizzi, Mariangela Montagna, The Battle to Establish an Adversarial Trial System in Italy // Michigan Journal of International Law. Volume 25 Issue 2/ 2004 / p. 450- 457.*

*Головко Л.В. Заключение по шагу № 5 казахстанской реформы главного судебного разбирательства по уголовным делам https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33692812*

# ҚЫЛМЫС ЖАСАҒАНДАР ЖАЗАСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

*Соттар өз қызметтерін атқаруда Конституция мен заңға ғана бағынады. Бұл ретте оларға үлкен міндеттер жүктелген. Солардың ең бастысы сот төрелігін әділ жүргізіп, заң үстемдігін қамтамасыз ету болып табылады. Сотта ешкімге артықшылық берілмейді. Халықтың құқықтық білімін көтеруге атсалысудан да судьялар қауымы тыс қалмайды. Сондықтан, бұл мақаламызда жұртшылықты жаза түрлері жайлы хабардар етеміз.*



**Ержан БАЙБОЛОВ,**
**Еңбекшіқазақ аудандық №2 сотының төрағасы**

«Қылмыстың өтеуі жаза» демекші, кез келген заң бұзушылық әрекет жазасыз қалмайды. Жаза түсінігіне келсек, бұл – сот үкімімен қылмыс жасады деп танылған азаматтарға қатысты әр елдің қылмыстық заңдарында көрсетілген баптарға сәйкес қолданылатын мәжбүрлеу шарасы. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 40-бабында қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамдарға мынадай жаза түрлері көзделген.

Атап айтар болсақ, айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Республика аумағынан тысқары жерге шығарып жіберу. Ал, екінші бөлік бойынша қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамдарға айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру жазаларының бірі қолданылады.

Сонымен қатар, 3-бөлікте қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға негізгі жазамен қатар қолданылатын қосымша жазалар қа-

растырылған. Олардың қатарында мүлкін тәркілеу, арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік марапаттарынан, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан, Қазақстан азаматтығынан айыру, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу жазалары бар.

Қылмыстық теріс қылық жасағандарға айыппұл көлемі айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан екі жүзге дейін, ал қылмыстар үшін екі жүзден он мыңға дейінгі шекте немесе еселенген мөлшерде белгіленеді. Айыппұл тағайындауда оның мөлшері мен төлеу мерзімі қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығы, сотталушының мүліктік және отбасылық жағдайы, жалақысы, сондай-ақ, өзге де кіріс көздері ескеріледі. Айыппұлды төлеу мерзімі үкім заңды күшіне енген күннен бастап есептеледі әрі ол сот үкімі бойынша үш жыл ішінде төленуі керек.

Егер сотталушының жалақысы кешіктірілсе немесе берілмесе, сондай-ақ, ол уақытша еңбекке жарамсыз болса, осыған байланысты мүліктік жағдайы нашарласа, оның өтелу уақытын сотпен бір айдан бір жылға дейін кейінге қалдыру мүмкіндігі бар. Бірақ, кейінге қалдыру уақыты сот үкімінде белгіленген айыппұл төлеу мерзімін есептеуге кірмейді.

Айыппұлды белгіленген мерзімде еш себепсіз төлемегендерге мәжбүрлеп орындату шаралары қолданылады. Мысалы, қылмыстық теріс қылық жасап сотталғандар төленбеген бір айлық есептік көрсеткіш үшін бір сағатқа қоғамдық жұмысқа тартылса, төрт айлық есептік көрсеткіште бір тәулікке қамаққа алынады. Онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс үшін сотталғандар төленбеген төрт айлық есептік көрсеткіш үшін бас бостандығын шектеудің немесе бас бостандығынан айырудың бір күні есебімен бас бостандығын шектеумен не бас бостандығынан айыруға жазаланады. Ауыр қылмыспен сотталғандар төрт айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі айыппұлды төлемесе бас бостандығынан айырудың бір күні есебімен бас бостандығынан айыру жазасына кесіледі. Еселенген айыппұлда сотталғандар үшін төленген және өндіріп алынған сома ескеріле отырып, осы кодекстің ерекше бөлігінің тиісті бабының санкциясы шегінде бас бостандығынан айырумен ауыстырылады.

Аталған кодексте айқындалғандай, түзеу жұмыстарына ел заңнамасында белгіленген және қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір санына сәйкес келетін мөлшерде тағайындалатын ақшалай өндіріп алу жатады. Сот түзеу жұмыстарын қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығын, сотталғанның мүліктік және отбасылық жағдайын ескере отырып тағайындайды. Еңбек қабілеттілігінен айырылған жағдайда, сотталған адам жазаның қалған бөлігін орындаудан босатылуы мүмкін немесе оның орындалмаған бөлігі айыппұлмен ауыстырылады. Ал қоғамдық жұмыстарда сотталған адам жергілікті атқарушы органдардың қоғамдық орындарда ұйымдастыратын, белгілі бір біліктілікті талап етпейтін тегін қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындайды.

Қылмыстық теріс қылықтар жасағандарға қоғамдық жұмыстар жиырмадан екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар үшін екі жүзден бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге белгіленеді. Қоғамдық жұмыстар сотталған адамды оларды өтеу уақыты кезінде негізгі жұмыс орны бойынша еңбек міндеттерін орындаудан босата отырып не оқудан бос уақытында күніне төрт сағаттан асырылмай өтеледі.

Жаза белгілеу кезінде қылмыстың сипаты мен қоғамға қатер төндіру дәрежесі, айыпкердің жеке басы, оның мінез-құлқы, жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар ескеріледі. Сонымен бірге жазаның айыпты адамның түзелуіне және оның отбасы мен асырауындағылардың тіршілік жағдайына ықпалы да есепке алынады.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

# МӘДЕНИЕТ АЙНАЛАҢДЫ ҚҰРМЕТТЕУДЕН БАСТАЛАДЫ

*Ата Заңмен айқындалғандай, елімізде сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Сондықтан, барлық адам сотты құрметтеп, процесс барысында тәртіп сақтауы тиіс. Нақты айтқанда, олар соттың шақыртуына келуге, сот отырысында судья өкімдеріне бағынуға, т.б. заңмен белгіленген қағидаларды бұзбауға міндетті. Сотқа келе алмайтын жағдайда оның дәлелді себебін көрсетіп, алдын ала хабарлауы қажет.*



**Гүлназ ОСПАНОВА,**
**Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы**

Сот істерін қарау сапасын арттыру арқылы азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін нығайту үшінші билік өкілдерінің басты міндеті саналады. Бұл міндеттерді іске асыруда процеске қатысушылардың сотқа қатысу тәртібін реттеу қашанда маңызды. Осы ретте азаматтық іс жүргізу және әкімшілік заңнамада сот отырысы залында тәртіп сақтау мен соттың беделіне нұқсан келтірмеу мақсатында сот қолдануы мүмкін шаралар қарастырылған.

Атап айтар болсақ, «Қазақстандағы сот билігі туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысында сотқа құрметтемеушілік білдіргендер, оның әрекетінде бұдан өзге арнайы құқық бұзушылық немесе қылмыс белгісі болмаса, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 653-бабының негізінде әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Мысалы, осы баппен ескерту жасау, жиырма айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде айыппұл салу немесе бес тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алу жауапкершіліктері қарастырылған.

Сотты құрметтемеушілікті айқын көрсететін кез келген әрекет пен әрекетсіздік сотты немесе сотта белгіленген сот ережелерін құрметтемеушілік саналады. Сот төрелігін жүзеге асыруда ең алдымен заңдылық, судьялардың тәуелсіздігі, заң мен сот алдында барлық тараптың теңдігі сақталады.

Сотқа немесе судьяға құрметтемеушілік білдіру Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы заңмен нақтыланғандай, жауаптылыққа әкеп соғады. Сот ісіне қатысушылар, сондай-ақ, сот мәжілісі залына кірген барлық азамат заңмен белгіленген тәртіптерді қатаң сақтауы тиіс. Мәселен, сот істі қарап жатқан кезде (онлайн режимде қарау кезінде де) тәртіпті бұзса немесе сотқа құрметтемеушілік білдірілсе, судья осы сот отырысында өзінің қаулысымен (ұйғарымымен) тәртіп бұзушыға Әкімшілік рәсімдік процестік кодекстің 18-тарауында, Азаматтық процестік кодекстің 188-бабында, Қылмыстық процестік кодекстің 346-бабында көзделген процестік мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы.

Осы ретте Әкімшілік рәсімдік процестік кодекс бойынша айтсақ, 123-бапта көрсетілгендей, процестік мәжбүрлеу шараларына ескерту, сот отырысы залынан шығарып жіберу, ақшалай өндіріп алу жатады. Ақшалай өндіріп алуды қолданудың нормалары ӘРПК-нің 127-бабында нақтыланған. Егер сот отырысы тәртібін бұзушының әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болса, сот материалдары сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау туралы мәселені шешу мақсатында прокурорға жіберіледі.

Сот отырысында төрағалық етуші тәртіпті қамтамасыз етуге қажетті барлық шараны қолданады. Сот отырысында тәртіп сақтау іске қатысушылар, оның ішінде өкілдер, мамандар, сарапшылар, аудармашылар, сондай-ақ, сот отырысы залында отырғандар үшін міндетті. Заң талабымен көзделгендей, төрағалық етуші сот отырысының залында тәртіп бұзушыға ескерту жариялауға құқылы. Мұндай әрекетін қайталаған жағдайда, тәртіп бұзушыға қатысты неғұрлым қатаң мәжбүрлеу шарасы қолданылатыны түсіндіріледі. Әкімшілік процеске қатысушы өзіне жасалған ескертуден кейін сот отырысының залында тәртіп бұзса, төрағалық етуші оны әкімшілік істі қараудың барлық кезеңінде немесе оның бір бөлігінде шығарып жіберуге құқылы. Тағы бір айтып өтерлігі, тәртіп бұзушы басқа да қатысушы адамдар сот отырысында төрағалық етушінің өкімімен алдын ала ауызша ескерту жарияланбастан шығарып жіберілуі мүмкін.

Ал, сотты құрметтемегендерді жауапқа тарту тәртібі Азаматтық процестік кодекстің (АПК) 120-бабымен жан-жақты айқындалған. Сот отырысында тәртіп бұзу, төрағалық етушінің талаптарын орындамау, сот мәжілісінің қалыпты өткізілуіне кедергі жасау, т.б. іс әрекеттер сотты сыйламаушылық болып қабылданады. Осы кодекс талабына сай, істі талқылау барысында оған қатысушылар жаппай тәртіп бұзған жағдайда сот іске қатыспайтындардың барлығын залдан шығарып жіберуге, істі жабық отырыста қарауға немесе істі талқылауды кейінге қалдыруға құқылы. Сотты құрметтейтіндер жауапкершілігі Қылмыстық кодексте 410-баппен белгіленген.

Мұндай шаралар өз кезегінде сот отырысы барысындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Соттың қалыпты жұмысы мен сот процесіне қатысушылардың тыныштығын сақтау басты орында. Заң талабына сай, сот отырысы кезінде залда қоғамдық тәртіптің сақталуын сот жасауылы қамтамасыз етеді. Іске төрағалық етуші процеске келгендердің құжаттары мен алып кіретін заттарын тексеруге өкім ете алады. Бұлар қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

Мәдениетті, заңды сыйлайтын адам сот мәжілісі барысында қажетті ережелерді сақтап, сотты және басқа да қатысушыларды құрметтейді. Әрбір адам осындай іс-әрекеті арқылы айналасындағыларды тәрбиелеуге үлес қосады.

# СОТ АКТІЛЕРІ ОРЫНДАЛУЫМЕН ҚҰНДЫ

*Сот актілерінің дер уақытында орындалмауы соттардың ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің де беделіне кері әсер етеді. Осы мәселені шешу мақсатында елімізде жеке сот орындаушылар институты енгізіліп, соған сәйкес, Атқарушылық қызмет туралы заң жетілдірілді. Өйткені, халықтың сотқа деген сенімі сот актілерінің орындалуымен тікелей байланысты. Қоғамымызда сот орындаушыларының өз міндеттерін орындауына кедергі келтіретіндер жоқ емес, бар. Мұндай жағдайда олар сот жасауылдары мен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің көмегіне сүйенуге құқылы.*



**Дуния-Зада КЕНШИМОВА,**
**Ақтау қалалық №2 сотының судьясы**

Сот актілерінің міндеттілігі Азаматтық процестік кодекстің 21-бабында нақтыланған. Соған орай, айтып өтсек бірінші сатыдағы сот азаматтық істер бойынша сот актілерін сот бұйрықтар, шешімдер, ұйғарымдар, қаулылар, ал, апелляциялық, кассациялық сатылар сот актілерін ұйғарымдар мен қаулылар нысанында қабылдайды. Заңды күшіне енген сот актілері мен сот төрелігін жүргізу кезінде қабылданған өкімдер, талаптар, тапсырмалар мен шақырулар, сұрау салулар және басқа да өтініштер еліміздің бүкіл аумағында орындалуға жатады. Оларды орындауға барлық мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар, лауазымды адамдар, азаматтар міндетті. Тек Конституциялық Сот конституциялық емес деп таныған заңға немесе өзге де нормативтік құқықтық актіге негізделген сот актілері ғана орындалуға жатпайды. Дереу орындалатын жағдайларды қоспағанда, заңды күшіне енген шешімдер Азаматтық процестік кодексте белгіленген тәртіппен орындауға жіберіледі.

Өкінішке қарай, сот актілерін орындамау, сол сияқты сотты құрметтемеудің өзге де көріністері заңда көзделген жауаптылыққа әкеп соғатынын азаматтардың көпшілігі елегісі келмейді. Соның салдарынан сот актілерінің орындалу уақыты созылып кетеді. Іске қатыспаған мүдделі адамдар сот актісінің міндеттілігі өздерінің бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгіну мүмкіндігінен айырмайтынын білгендері жөн.

Жалпы алғанда, заңды күшіне енген сот актілерінің орындалмауын азаматтардың заң мен сотқа деген құрметінің төмендігін және заң алдындағы жауапкершіліктерін жете сезінбеуін көрсетеді. Жоғарыда айтқанымыздай, сот актісінің орындалуына кедергі келтірген немесе оны орындаудан жалтарған борышкерлерге қатысты жеке сот орындаушысы құқық қорғау және сот органдарына ұсыныс бере алады. Алайда, мұндай ұсыныстар борышкердің шешімді орындаудан жалтарғандығы жөнінде дәлелдемелердің жеткіліксіздігінен қанағаттандырылмай қалады. Мұны сот орындаушы жұмысының кемшілігі деуге толық негіз бар.

Олай дейтініміз, сот орындаушылардың өз қызметтерін сапалы атқаруына заңмен үлкен құзыреттер берілген. Олар сот актісін орындаудан жалтарған борышкерді шетелге шығармауға, тіпті, көлік жүргізу құқығынан уақытша айыруға құқылы. Сондықтан, сот орындаушылар тарапынан сапалы жұмыс талап етіледі. Өйткені, сот актілерінің орындалуы сот ісін жүргізудің соңғы сатысы. Жеке сот орындаушылар өздеріне берілген мәжбүрлеп орындату құқығын пайдаланулары керек. Яғни, сот орындаушылары атқару құжаттарын алған кезде сот актілері мен атқарушылық құжаттарды орындауды қамтамасыз етуге бағытталған шараларды дереу қабылдағандары жөн. Мысалы, борышкердің жүрген жері белгісіз болса, сот орындаушысы ішкі істер органдары немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы, сондай-ақ, экономикалық тергеу қызметтері арқылы борышкерге іздеу салуды жариялау туралы ұсыныммен атқару құжатының орындалу орны бойынша сотқа жүгінуге міндетті. Борышкер сот актілерін және атқарушы құжаттарды орындаудан бас тартса, өндіріп алушы тиісті органдардың алдына кінәлі адамдарды әкімшілік немесе әкімшілік және қылмыстық жауапқа тарту жөнінде мәселе қоюға құқылы.

Ақпарат көздеріне сүйенсек, Германия халқының сот билігін, оның әрбір шешімін құрметтейтінін ондағы судьяның 37 жылдық жұмыс тәжірибесінде сот шешімі бірде-бір рет орындалмаған жағдаймен кездеспегенінен көруге болады. Мұны айтып отырғанымыз, заңды күшіне енген сот шешімі орындалуымен құнды. Орындалмаса, оның бағасы да болмайды. Яғни, заң талабының мүлтіксіз орындалу көрсеткішін сот актілерінің орындалуынан білуге болады. Сондықтан, сот шешімдерінің орындалуын бізді дамыған елдер қатарына жеткізетін басты қадам ретінде бағалаған жөн.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

# ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ БАҒАЛАУ

*Конституцияға сәйкес, заң талабын бұза отырып алынған дәлелдемелердің заңдық күші болмайды және олар сот шешімінің негізіне алынбайды, сондай-ақ, іс үшін маңызы бар кез келген мән-жайды дәлелдеу кезінде пайдаланылмайды. Алдымен дәлелдеме ұғымына тоқталсақ, заңды түрде алынған деректер ғана қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер бола алады. Дәлелдеменің негізінде құзырлы органдармен Қылмыстық кодексте көзделген іс-әрекеттің бар-жоқтығы,күдікті, айыпталушы, сотталушының бұл әрекетті жасаған-жасамағаны, оның кінәлі-кінәсіздігі, сондай-ақ, істі дұрыс шешуде маңызы бар өзге де мән-жайлар анықталады.*



**Б.УСМАЕВ,**
**Қарабалық аудандық сотының судьясы**

Қылмыстық істі дұрыс шешуде маңызы бар нақты деректер күдікті, айыпталушы, жәбірленуші, куә, қорғалуға құқығы бар куәнің, сонымен қатар, сарапшы мен маманның айғақ-қорытындысымен, заттай дәлелдемелермен, процестік әрекеттердің хаттамаларымен және өзге де құжаттармен белгіленеді. Қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайлар Қылмыстық процестік кодекстің – 113, кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істерде дәлелденуге жататын қосымша мән-жайлар – 531, есі дұрыс емес адамдардың қоғамға қауіпті іс-әрекеттері туралы істер 510-баптарымен көрсетілген.

Қылмыстық іс жүргізуге қатысушылар арасында олардың атқаратын функцияларына байланысты құқықтық қатынастар туындайды. Мұндай қатынастар қылмыстық іс жүргізу құқығымен реттеледі. Қылмыстық іс жүргізу кезінде тергеуші немесе анықтаушы, прокурор, сот әрқайсысы өз қызметін заң аясында жүзеге асырады. Заңмен нақтыланған тәртіпті сақтау қылмыстық іс жүргізудің зандылығын қамтамасыз етудің басты шарты саналады. Сот, прокурор, тергеуші, анықтаушы істі дұрыс шешуге қажетті мән-жайларды жан-жақты, толық әрі нақты зерттеу үшін заңмен көзделген шараларды қолданады. Мысалы, сот істе бар және ұсынылған дәлелдемелерді осы Қылмыстық процестік кодексте көзделген тәсілдермен зерттейді. Ал қылмыстық қудалау органдары нақты деректерді айқындайды, солардың негізінде іс үшін маңызы бар мән-жайлар анықталады. Іс бойынша күдікті мен айыпталушыны, сотталушыны әшкерелейтін, ақтайтын, сондай-ақ, олардың жауаптылығы мен жазасын жеңілдетіп-ауырлататын мән-жайлар анықталады.

Дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалау принципі Қылмыстық процестік кодекстің 25-бабында айқындалған. Онда жазылғандай, судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы дәлелдемелерді олардың жиынтығына негізделген өздерінің ішкі сенімі бойынша бағалайды және бұл орайда заң мен ар-ожданын басшылыққа алады. Осы бапқа сай, дәлелдемелерді бағалаудың мына ережелеріне тоқталып өткен артық болмас. Қылмыстық іс бойынша жиналған дәлелдемелердің әрқайсысын бағалап қолдану міндетті, осы себепті, ешбір дәлелдеменің күні бұрын белгіленген күші болмайды. Дәлелдемелерді бағалаудағы басты ереже оларды ішкі сенім бойынша бағалап қолданумен тікелей баланысты.

Бұдан әрі нақтылар болсақ, қылмыстық іс жүргізу органына шешім қабылдаған кезде қандай дәлелдемелерді қолдану және оларды қалай бағалау керектігі жайлы ешкім де нұсқау беруге құқылы емес. Дегенмен, заңда көрсетілген ішкі сенімнің қалыптасу негізі ол – қылмыстық істе барлық дәлелдеменің жиынтығы болады. Яғни, жинақталған дәлелдемелер жан-жақты зерттеліп, соның негізінде олардың зандылығы, маңыздылығы, шындыққа сәйкестігі және жеткіліктілігі жөнінде процессуалдық шешім қабылдайтын адамда ішкі сенім қалыптасады. Жоғарыда айтып өткендей, дәлелдемелерді бағалауда өкілетті лауазымды адам заңның талаптары мен өзінің ар-ожданын басшылыққа алады.

Дәлелдемелерді бағалау принципінің маңызы қылмыстық іс жүргізудің дәлелдемелерді қолдану арқылы жүзеге асырылатындығымен байланысты. Тергеуші қылмысты ашу үшін қажетті дәлелдемелерді жинайды. Прокурор дәлелдемелердің негізінде айыпталушының қылмыс жасағандығын сот алдында ашып көрсетеді. Сот қылмыстық іс бойынша жиналған дәлелдемелердің негізінде үкім шығарады.

Тергеуші, анықтаушы, прокурор, судья дәлелдемелерді бағалаудың негізінде тиісті процессуалдық шешім қабылдайды (қаулы, үкім шығару). Бұл кезде дәлелдемелердің іске қатыстылығы мен зандылығы, маңыздылығы, шындыққа сәйкестілігі жеткілікті түрде бағаланады. Бұл өз кезегінде өкілетті лауазымды адамның істің мән-жайы дәлелденгендігі немесе дәлелденбегендігі туралы нақты пікірге келуіне әсер етеді.

Қылмыстық іс бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен мән-жайлар анықталады. Дәлелдеме көздері немесе дәлелдеу тәсілдері ҚПК-да егжей-тегжейлі тізбеленген. Соған сәйкес, олар куәгердің, жәбірленушінің, сезіктінің, айыпталушының жауаптары мен сарашпының қорытындысы, заттық айғақтар, процессуалдық іс-қимыл хаттамалары және өзге де құжаттарды қамтиды. Дәлелдеудің көздері деп кең мағынада деректердің тікелей көздерін, сондай-ақ, оларды алу әдістерін, дәлелдеу барысындағы тексеру мен пайдалануды түсіну керек.

Қылмыстық кодекстің 125-бабында көрсетілгендей, әрбір дәлелдеме – оның қатыстылығы, жол берілетіндігі, анықтығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер өз жиын-

тығында қылмыстық істі шешу үшін жеткілікті түрде бағаланады. Егер дәлелдеме осы іс үшін маңызды мән-жайлардың бар екенін растайтын, теріске шығаратын немесе күмән туғызатын нақты деректерді білдірсе онда ол қатысты дәлелдеме деп танылады. Қылмыстық процестік кодексте белгіленген тәртіппен алынған дәлелдеме – жол берілетін дәлелдеме саналады. Тексеру нәтижесінде дәлелдеменің шындыққа сәйкестігі анықталса, ол – анық дәлелдеме болады. Егер дәлелденуге жататын мән-жайлардың барлығы және әрқайсысы туралы ақиқатты ешқандай күдіксіз және даусыз белгілейтін, іске қатысты жол берілетін және анық дәлелдемелер жиналса, дәлелдемелердің жиынтығы қылмыстық істі шешу үшін жеткілікті деп танылады.

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

**Оқи отырыңыз**

# ЕДІГЕ БИДІҢ ДАУДЫ БІТІРУІ

Ертеректе Орта жүздің бір адамын барымта үстінде Ұлы жүздің жігіттері өлтіріп алып, теңдік бермей (мойындамай), құн төлемей кетеді. Осыған байланысты Орта жүзден төрт адам теңдік сұрай Төле бидің алдына келеді. Төле би түнеріп отырады.

Дау қуып келген төртеудің біріншісін тыңдап, оң қолын, екіншісін тыңдап сол қолын созады, үшінші адам сөйлегенде үстіңгі ернін, төртінші даугер сөйлегенде астыңғы ернін созады. Сөйтіп, төрт даугер Төле биден бір ауыз сөз ала алмай еліне қайтып келіп, айдабол Едіге биге жүгінеді. Мән-жайға қаныққан Едге би:

Төле би сендерді тыңдап төртеуіңе де жауап берген екен, сендер ұқпаған екенсіңдер. Алдыңғы екеуіңе екі қолын созғаны, – «Ұзын сойыл, ұрда-жық екенсіңдер» дегені, кейінгі екеуіңе ернін созғаны, «екі ортаға өсек тасып, ас ішерлік екенсіңдер» дегені, Төле би сендерді алымсынбапты, – деп дау шешуге Едіге би өзі аттаныпты.

